ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 мамыр №5165-23-00-2/751 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы С. Кендирбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мусабекова» басшысы Мусабекова Нургуль Ерболовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С. Анапиянов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында фарфорлы тәрелкелік дәретхана сатып алу бойынша 959 610 теңгеге 2023 жылғы 23 ақпанда №010341001878/200079/00 санды келісім шарты (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер тауарды өтінімге сәйкес 2023 жылдың 18 наурызға дейін жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюды толық қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, тапсырыс беруші тарапынан өтінім берілмей тұрып жауапкер 27 ақпан 2023 жылы тауарды жеткізген, тауар техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға сай болмауына байланысты тапсырыс беруші 27 ақпан 2023 жылы акт түзіп, тауарды жауапкерге кері қайтарған.

Шарттың №1 қосымшасына сай тапсырыс беруші өтінім берген кезден бастап 15 күнтізбелік күнде, яғни тапсырыс беруші өтінімді 03 наурыз 2023 жылы берген, яғни жауапкер тауарды 2023 жылдың 18 наурызға дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, шарт 22 мамыр 2023 жылы біржақты бұзылған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы талап қоюшының пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 25.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Байтенов С. К., 27.06.2023

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» басшысы Мусабекова Нургуль Ерболовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» басшысы Мусабекова Нургуль Ерболовнадан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына төленген 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 25.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Байтенов С. К., 27.06.2023